

ОРМАН АҒАШТАРЫН ЗАҢСЫЗ КЕСУГЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК!

Халқымыз орманның маңызын зор бағалаған. Сондықтан орманы көптің олжасы көп, орманды отырғызғаның өзіне қорған салғаның деген нақылды сөздер таралған. Сол сияқты бір ағаш кессең он ағаш отырғыз деген қағида қалыптасқан. 1 гектар орманның екпелері бір сағатта 200 адамның шығарған көмірқышқыл газын сіңіріп, оттегін бөліп шығарады және ауаны ылғандандырып, жаңалайды. Ауадағы таралған әртүрлі зиянды газдарды сіңіріп, шуылды азайтады.

2006 жылы ұйымдастырылған Сайрам – Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің негізгі мақсатының бірі Батыс – Тянь шань тау жоталарындағы бағалы арша, жемісті ормандарды қорғап, қалпын келтіру болып табылады. Қазіргі таңда парк аумағында орманмен көмкерілген жерлер 27,5 мың гектарға жетсе, сирек ормандар 17 мың гектарды құрап отыр. Мұнда Қазақстан Қызыл Кітабына енген Сиверс алмасы, кәдімгі тау пісте, ылғал сүйгіш шаған, Зеравшан аршасы, қаркас (темір ағаш) сияқты құнды ағаштар кездеседі. Соңғы екі жыл қатарынан Сиверс алмасының таза тектерінің (клондарының) отырғызу жүзеге асырылуда. Парк құрылғалы бері республикалық жасыл даму бағдармасына сәйкес 383 гектар жерде жаңадан орман алқаптары отырғызылды.

Ұлттық парктің табиғи кешендерді қорғау бөлімінің мамандары, филиалдардың мемлекеттік инспекторларымен және құқық қорғау органдарымен бірлесіп, арнайы әзірленген іс – шараларға сәйкес жыл сайын ағаштар мен бұталарды заңсыз кесуді, жоюды және зақымдалуды алдын – алу мақсатында рейдтер жүргізіп келеді. Рейд-

тер жүргізу барысында мамандарымыз тұрғындар мен демалушылар, туристер арасында орман ағаштары мен бұталарын қорғау туралы үгіт – насихат жұмыстарын жүргізіп, кінәлі азаматтарға заң аясында қолданылатын жазалар жөнінде түсіндіру шараларын жүзеге асыруда. Аталған заң бұзушыларға Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 340 бабының 1,2,3,4 бөліктерінде көрсетілген жазалардың қолданылатындығы туралы жеке тұлғаларға түсініктеме беріледі. Атап айтқанда ұлттық парк аумағында ағаштар мен бұталарды заңсыз кескен азаматтарға бес жүз айлық есептік көрсеткіше дейінгі мөлшерде айыппұл салынатыны не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не тоқсан тәулікке дейінгі мөлшерде қамалға алуға жазаланатынын ескертеміз. Ал сирек кездесетін Сиверс алмасы, тау пісте, Зеравшан аршасы тағы басқа сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген ағаштарды жойған, зақымдаған азаматтар көрсетілген Қылмыстық кодекстің 390 бабымен үш мың айлық көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не айыруға жазаланатындығын атап өткен жөн. Сондықтан туған табиғатымыздың көркі ағаштар мен бұталарды заңсыз кесуге жол бермейік, келешек ұрпақ үшін оларды сақтайық.

**Арайлым БАДАНБАЕВА,
«Сайрам – Өгем МҮТП-нің»**

Табиғи кешендерді қорғау бөлімінің инженері.

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК – ЕЛ КЕЛЕШЕГІНІҢ КЕШІЛІ!

Қазығұрт ауданында көгалдандыру және қоршаған ортаны қорғау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Соның айқын дәлелі – аудандық «Жасыл желек» мекемесінде көшет өсіру мен оларды тұрғындарға босату жұмыстарының қарқынды түрде жүзеге асырылуы.

Көктем мезгілінің басталуымен бірге мекеме мамандары көшет шаруашылығына ерекше мән беріп отыр. Бүгінде мұнда түрлі ағаш көшеттері өсіріліп, елді мекендерді көгалдандыру мақсатында халыққа ұсынылуда. Көшеттердің сапасын сақтау және олардың жерсіну деңгейін арттыру – басты міндеттердің бірі.

Ағаш көшеттерін өсіру барысында зиянкестер мен түрлі аурулардың алдын алу маңызды рөл атқарады. Мамандар көшеттерді тұрақты бақылаудан өткізіп, жапырақтағы өзгерістер, сарғаю, қурау секілді белгілер арқылы зиянкестерді ерте кезеңде анықтауда. Мұндай дер кезінде жүргізілген жұмыстар өсімдіктердің жаппай зақымдануының алдын алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, көшеттерді қорғау бағытында кешенді шаралар қолға алынған. Атап айтқанда, агротехникалық талаптарды сақтау, яғни уақытылы суару, топырақты қопсыту, арамшөптерден тазарту жұмыстары жүйелі

түрде жүргізіледі. Бұдан бөлек, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз биологиялық препараттар қолданылып, қажет болған жағдайда арнайы химиялық өңдеу шаралары да жүзеге асырылады.

Мекеме қызметкерлері көшеттерді қорғауда механикалық әдістерді де тиімді пайдалануда. Зақымданған бөліктерді кесу, арнайы қорғаныш құралдарын қолдану – өсімдіктердің саулығын сақтауға бағытталған маңызды жұмыстардың бірі.

Аудан бойынша жүргізіліп жатқан бұл игі шаралардың басты мақсаты – қоршаған ортаны жақсарту, елді мекендерді көркейту және болашақ ұрпаққа жасыл желекті көбейтіп қалдыру. Табиғатты қорғау – баршамызға ортақ міндет. Осы ретте мамандар аудан тұрғындарын көгалдандыру жұмыстарына белсенді қатысып, ағаш отырғызу мәдениетін қалыптастыруға шақырады.

Жалпы, «Жасыл желек» мекемесінің жүйелі жұмыстарының нәтижесінде аудан аумағында жасыл аймақтар көбейіп, экологиялық ахуалдың жақсаруына оң әсерін тигізуде. Бұл – табиғатқа деген жанашырлық пен жауапкершіліктің нақты көрінісі.

**А.ЕСНАЗАРОВ,
«Жасыл желек»
мекемесінің инженері.**

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Түркістан облысы Қазығұрт ауданындағы Құмтасты кен орнында (учаске 2) құм-қиыршық тас қоспасын өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жоюдың болжамды құнын жою жоспары және есептеу әдістемесіне арналған ҚОҚ бөліміне 24.04.2026 ж. бастап 10 жұмыс күн ішінде жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жобалық құжаттамамен танысу, ескертулер мен ұсыныстарды беру үшін Бірыңғай экологиялық порталында: <https://ndbecology.gov.kz/> «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінен қарауға болады, тел: +7 771 681 4823.

Бастамашы: «ТАСПРО»ЖШС, мекен-жай: ҚР, ТО, Жетысай ауданы, Қазыбек Би а., Б.Майлин көш., 2, БСН 260440004386, байл.тел.: +7 7716814823. Кен орынның және әсер ету аймағының географиялық координаттары: 41° 37' 26,20", 69° 27' 39,00".

ЖАО - «ТО ТР және ТП РБ» ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Түркістан к., Жаңа қала ш.а. 32 көшесі,20, a.erkebai@ontustik.gov.kz,тел.: 87253363845.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

Проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений с 24.04.2026 года в течение 10-ти рабочих дней на раздел ООС к плану ликвидации и методика расчета приблизительной стоимости ликвидации последствий операций по добыче песчано-гравийной смеси на месторождении Кумтасты (участок 2) в Казыгурском районе Туркестанской области.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/> в разделе «Опубликованные публичные обсуждения», для предоставления замечаний и предложений, тел: +7 771 681 4823.

Инициатор – ТОО «ТАСПРО», адрес: РК, ТО, Жетысайский район, с.Казыбек Би, ул.Б.Майлина, 2, БИН 260440004386, конт.тел.: +7 771 681 4823. Географические координаты участка и территории воздействия: 41° 37' 26,20", 69° 27' 39,00".

МИО – ГУ «УПР и РП ТО» по следующим адресам: г.Туркестан мкр.Новый город, улица 32,20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Түркістан облысы Қазығұрт ауданындағы Құмтасты (учаске 2) кен орнында құм-қиыршық тас қоспасын өндіру бойынша тау-кен жұмыстары жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсатты алуға арналған материалдарына ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Тыңдауларды өткізу орны, күні және уақыты: ТО, Қазығұрт ауданы, Қақпақ а., Қазыбек би көш., 1 (әкім. ғим.), 20.05.2026 ж. сағ. 10:00-де.

Бастамашы: «ТАСПРО»ЖШС, мекен-жай: ҚР, ТО, Жетысай ауданы, Қазыбек Би а., Б.Майлин көш., 2, БСН 260440004386, байл.тел.: +7 7716814823.

Материалдарды әзірлеуші: ЖК Сыдыкова Н., мекен-жай: Шымкент к., Қ.Төлеметов көш. 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru. Жобалық құжаттамамен танысу ndbecology.gov.kz, <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru>. қарауға және қосымша ақпаратты 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru арқылы алуға болады. Онлайн қосымша сілтеме <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>. Конференция идентификаторы: 616 540 8596. Кіру коды 123456.

Кен орынның және әсер ету аймағының географиялық координаттары: 41° 37' 26,20", 69° 27' 39,00".

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда «ТО ТР және ТП РБ» ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Түркістан к., Жаңа қала ш.а. 32 көшесі,20, a.erkebai@ontustik.gov.kz,тел.: 87253363845.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

Проводятся общественные слушания в форме открытых собраний по материалам для получения экологического разрешения на воздействие к плану горных работ на добычу песчано-гравийной смеси месторождения Кумтасты (участок 2) в Казыгурском районе Туркестанской области.

Место, дата и время начала проведения: ТО, Казыгурской район, с.Каппак, ул. Казыбек би, 1 (здание акимата), 20.05.2026 г., в 10:00 часов.

Инициатор – ТОО «ТАСПРО», адрес: РК, ТО, Жетысайский район, с.Казыбек Би, ул.Б.Майлина, 2, БИН 260440004386, конт.тел.: +7 771 681 4823.

Разработчик материалов: ИП Сыдыкова Н., адрес: г. Шымкент, ул.К.Тулеметова, 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале ndbecology.gov.kz, <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru>. Доп. информацию можно получить по номеру и эл.адресу: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru. Ссылка на онлайн подключение <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>. Идентификатор конференции: 616 540 8596.Код доступа 123456.

Географические координаты участка и территории воздействия: 41° 37' 26,20", 69° 27' 39,00".

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний в ГУ «УПР и РП ТО» по следующим адресам: г.Туркестан мкр.Новый город, улица 32,20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

МҰРАГЕРЛІК ІС АШЫЛҒАНДЫҒЫ ЖАЙЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ!

Менлибеков Оралбай 12.02.2026 жылы қайтыс болған. Мұра қалдырушыға тиесілі мұралық мүліктен өз үлесін, заңды құқығын пайдаланып аламын деген мұрагерлер болса, мына төмендегі мекенжайға келіп хабарласуына болады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылы, Д.Қонаев көшесі №101-үй. Нотариус: Сахы Талғат Әбдіқалиұлы.

Қурумбаева Гулсара Сулаймановна 03.04.2026 жылы қайтыс болған. Мұра қалдырушыға тиесілі мұралық мүліктен өз үлесін, заңды құқығын пайдаланып аламын деген мұрагерлер болса, мына төмендегі мекенжайға келіп хабарласуына болады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылы, Д.Қонаев көшесі №101-үй. Нотариус: Сахы Талғат Әбдіқалиұлы.

Мырзабаева Куралай Молшараевна 01.10.2024 жылы қайтыс болған. Мұра қалдырушыға тиесілі мұралық мүліктен өз үлесін, заңды құқығын пайдаланып аламын деген мұрагерлер болса, мына төмендегі мекенжайға келіп хабарласуына болады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылы, Д.Қонаев көшесі №101-үй. Нотариус: Адамбеков Е.А.

Сейтмат Нигматжан Ахмедұлы 13.09.2025 жылы қайтыс болған. Мұра қалдырушыға тиесілі мұралық мүліктен өз үлесін, заңды құқығын пайдаланып аламын деген мұрагерлер болса, мына төмендегі мекенжайға келіп хабарласуына болады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылы, Д.Қонаев көшесі №101-үй. Нотариус: Адамбеков Е.А.

Биходжаев Абилгазы Мерекеевич 30.03.2026 жылы қайтыс болған. Мұра қалдырушыға тиесілі мұралық мүліктен өз үлесін, заңды құқығын пайдаланып аламын деген мұрагерлер болса, мына төмендегі мекенжайға келіп хабарласуына болады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылы, Д.Қонаев көшесі №75-үй. Нотариус: Адамбеков Б.А.